

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық техникалық университеті

Б. С. Қасенов

**ШАХТА ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ МАРКШЕЙДЕРЛІК
ЖҰМЫСТАР**

Практикум

Университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесі
оқу құралы ретінде ұсынған

Алматы 2014

ӘОЖ 6.22.1/2 (075.8)

ББК 33.12я73

Қ 43

Қ 43 Қасенов Б. С. Шахта құрылысындағы маркшейдерлік жұмыстар:

Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2014. – 107 б.

Сурет 66. Кесте 44. Библиогр. – 16 атау.

ISBN 978-601-228-603-8

Оқу құралы маркшейдерлік мамандықтың оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған. Шахта құрылысындағы маркшейдерлік қызмет ішешетін мәселелерге арналған есептер мен жаттығулар: өндіріс алаңын горизонталь және көлбеу жазықтықта тегістеу, оқпан центрінің координаталарын және осьтерінің дирекциондық бұрыштарын анықтау, бір арқанды және көп арқанды көтергіш қондырғылардың геометриялық элементтерін маркшейдерлік бақылау, оқпандағы орындалған жұмыстың және оқпанда жиналған судың көлемін анықтау, оқпан қабырғасының және клетпен скиптерді бағдарлайтын бағандардың профильдерін дайындау, оқпанның негізгі осін жербетінен жерастындағы оқпан ауласына көшіру, жерастындағы оқпан маңындағы қазбалардың жобалық полигонын дайындау, жерастындағы қазбада орнатылған тұрақты конвейердің жағдайын бақылау келтірілген.

Тәжірибелік жұмыстардың далада (құрылыста) орындалатын өлшеулері және олардың нәтижелерін камералдық өңдеудің әдістемелері келтірілген. Әдістемелер әртүрлі мәселелерді шешуге арналған, мысал есептермен толықтырылған.

050707 «Тау-кен ісі» мамандығы «маркшейдер» мамандарының зертханалық тәжірибелік сабақтарына арналған. Кейбір тәжірибелік жұмыстарды «Тау-кен ісі» мамандығының «Маркшейдерлік іс» және «Геодезия» пәндерін оқитын студенттер де пайдалануға болады.

ӘОЖ 6.22.1/2 (075.8)

ББК 33.12я73

Пікір жазғандар:

Л.С. Шамганова, Д.А. Қонаев атындағы Тау-кен институты директорының орынбасары, техн. ғыл. док., профессор;

Ғ-К. М. Қасымқанова, «Картография және геоинформатика» каф. меңгерушісі, техн. ғыл. док., профессор,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;

Ж.Д. Байгурун, «Маркшейдерлік іс және геодезия»

каф. меңгерушісі, техн. ғыл. док., профессор,

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ

ISBN 978-601-228-603-8

© Қасенов Б.С., 2014

© ҚазҰТУ, 2014

КІРІСПЕ

Шахта құрылысын қамтамасыз ету маркшейдерлік мамандықтың негізгі жұмыстарына жатады.

Шахта құрылысындағы маркшейдерлік мамандықтың негізгі міндеттері:

- құрылыстың жобалық құжаттарымен толық танысу;
- құрылыстың геометриялық элементтерін жербетіндегі орындарына көшіру, бөлу;
- құрылыс жұмыстарының жобаға сәйкес орындалуын қадағалау;
- орындалған құрылыс жұмыстарын (ғимараттар, қондырғылар, құрылымдар және жербетіндегі, жерастындағы казбалар, т. б.) түсіріп, құжаттарын дайындау.

Аталған жұмыстарды қамтамасыз етуге білімді, тәжірибелі маман қажет. Сондықтан бұл жұмыстарды тау-кен өндірісі құрылысының бас маркшейдерінің басшылығымен, осындай жұмыстармен шұғылданатын арнайы маркшейдерлік ұжымдар орындайды.

Маркшейдерлік істің шахта құрылысында шешетін мәселелеріне арналған оқу құралы «тау-кен ісі» мамандығының маркшейдерлік саласында оқитын студенттердің «Шахта құрылысындағы маркшейдерлік жұмыстар» пәнінің зертханалық және тәжірибелік сабақтарында пәннің теориясын игеруге, зертханалық және тәжірибелік жұмыстарды орындауға, яғни маркшейдерлік мамандықты толық меңгеруге үлкен көмек көрсетеді. Оқу құралы ҚР МЖМБС, мамандықтың кәсіби сипаттамасы, Типтік және жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес дайындалған.

Оқу құралының негізгі мақсаты – мамандықтың кәсіби сипаттамасына және талаптарына сай, тау-кен құрылысын жобалау және салу кезінде іс жүзінде маркшейдерлік жұмыстарды атқара алатын маман дайындау.

Оқу құралында тау-кен өндірісінің құрылыстарында жиі кездесетін арнайы маркшейдерлік жұмыстарға арналған есептер, оларды орындауды жеңілдететін әдістемелік нұсқаулар, ұсыныстар, үлгі-мысал есептер, қажетті әдебиеттер тізімі келтірілген.

«Шахта құрылысындағы маркшейдерлік жұмыстар» пәнінің бағдарламасына сәйкес, зертханалық және практикалық сабақтарға арналған практикумда, өндіріс алаңын горизонталь жазықтықта тегістеуге, шахта оқпаны центрінің координаталарын, остерінің дирекциондық бұрыштарын анықтауға, шахта құрылысындағы маркшейдерлік бақылауларға, құрылыс элементтерін жобадан жербетіндегі, жерастындағы орындарына көшіру кезіндегі бөлу жұмыстарына, шахталардың көтергіш қондырғыларын маркшейдерлік бақылауға, оқпанның, оқпан ауласының және оқпан маңындағы негізгі қазбалардың құрылыстарындағы маркшейдерлік жұмыстарға, т. б. арналған арнайы есептер мен жаттығулар келтірілген.

1. ӨНДІРІС АЛАҢЫН ГОРИЗОНТАЛЬ ЖАЗЫҚТЫҚТА ТЕГІСТЕУ

Өндіріс алаңында салынатын құрылымдарды, ғимараттарды және көлік, байланыс, энергия, сумен қамтамасыз ету коммуникацияларын орналастыру мәселелерін өте тиімді шешу үшін табиғи рельефті тегістеу жұмыстары, өндіріс алаңын тегістеу жұмыстарына жатады.

Негізінде, өндірістің техникалық жобасында, өндіріс алаңын горизонталь жазықта тегістеудің жобасы дайындалады, ал тегістеу көлбеу жазықтықта жобаланған болса, онда көлбеу жазықтықтың шамасы (көлбеулік бұрышы δ , көлбеуліктің бағыты α) беріледі.

Өндіріс алаңын тегістеу жұмыстары:

- 1) өндіріс алаңын шектеу және бұрыштық нүктелерін бекіту;
- 2) құрылыс торын бөлу, тор төбелерінің орындарын белгілеу және бекіту;
- 3) геометриялық нивелирлеудің нәтижесінде құрылыс торының төбелеріндегі нүктелердің биіктіктерін H анықтау;
- 4) өндіріс алаңында жобаланған жазықтықтың биіктігін H_0 анықтау;
- 5) құрылыс торы төбелерінің жұмыс биіктіктерін анықтау;
- 6) тегістеу жұмыстарының нөлдік контурын анықтау;
- 7) жер жұмыстарының көлемін анықтау;
- 8) дайындалған өндіріс алаңының планын дайындауға арналған түсірістер жүргізу.

Техникалық жобаға сәйкес өндіріс алаңының контурын жербетіндегі орнына көшіру, бөлу жұмыстары орындалады. Контурдың бұрыштық нүктелерін белгілеп, оларды тұрақты нүктелермен бекітеді және құрылыс торы құрылады. Құрылыс торының мөлшері, жербеті рельефінің ерекшелігіне, құрылыстың күрделілігіне байланысты. Көп жағдайда құрылыс торы, қабырғалары 10-30 м төртбұрыштар немесе квадраттардан құрылады.

Тегістеу жұмыстары аяқталғаннан кейін, жойылған құрылыс торының нүктелерін қайта қалпына келтіру үшін,

тордың шеткі нүктелерін алаң контурынан тыс жерде орналастырады.

Өндіріс алаңын горизонталь жазықтықта тегістеу кезінде, жер жұмыстарының көлемін есептеудегі қателіктер, тор нүктелерінің арақашықтарына және рельефтің ерекшеліктеріне байланысты.

Құрылыс торы төбелерінің биіктіктерін нивелирлеу арқылы, немесе жобалау құжаттары бойынша 1:1000 - 1:2000 масштабта рельеф қимасы 0,5 м аралықта анықталады.

Тегістеу жұмыстары келесі ретпен орындалады:


1. Техникалық жобаға сәйкес өндіріс алаңының контурын бөлу. Контурдың бұрыштық нүктелері жерге орнатылған пункттермен (қазықтармен) бекітіледі де, координаталары есептеледі.

2. Алдын ала жербетінің топографиялық сызбасында құрылыс торының жобасы дайындалады. Тегістелетін контурлардың рельефтеріне байланысты құрылыс торлары квадрат, төртбұрышты, ал өндіріс алаңы созылыңқы болса, нүктелері бір, немесе бірнеше сызықтың бойына орналасқан бойлық құрылыс торы құрылады.

Рельефтің күрделілігіне байланысты құрылыс торы қабырғаларының ұзындығы 10-30 м шамасында белгіленеді. Жергілікті жерде құрылыс торын теодолиттің көмегімен бөледі. Құрылыс торы қабырғаларының ұзындығын белгілеген кезде міндетті түрде көлбеулігіне түзетулер енгізіледі. Құрылыс торының шеткі нүктелерін жобалау нұсқасынан тыс жерде орналастырады. Құрылыс торының төбелері ағаш қазықтармен белгіленеді, реттік нөмірлері және нақты биіктіктері жазылады (1-сурет).

Егер жобалау объектісінің ені шамалы болса, жобалау негізін пункттерге бөлінген трасса түрінде орындайды. Жобалауға бөлінген алаңның рельефі күрделі, немесе онда құрылыс элементтері шамадан тыс көп болса, нүктелерді рельефке байланысты, құрылыс алаңындағы бұрынғы құрылымдардың арасында, жеке полигондар ретінде орналастырады.

3. Геометриялық нивелирлеумен құрылыс торы төбелерінің нақты (абсолюттік) биіктіктерін анықтайды, рельеф қимасы 0,25 - 0,5 м, сызбасы 1:500 масштабта дайындалады.



1- сурет. Құрылыс
торы

Масштаб 1:500

Өндіріс алаңының жобалық биіктігі құрылыс жобасында анықталған болуы керек. Ол белгісіз болса, құрылыс алаңы горизонталь жазықтықта жобаланған кезде, оны келесі формуламен анықтауға болады

$$H_o = \frac{\sum H_1 + 2\sum H_2 + 3\sum H_3 + 4\sum H_4}{4n}, \quad (1)$$

$\sum H_1$ – құрылыс торының бір квадратына тән төбелерінің биіктіктерінің сомасы, м;

$\sum H_2$ – құрылыс торының қатар орналасқан екі квадратына ортақ төбелерінің биіктіктерінің сомасы, м;

$\sum H_3$ – құрылыс торының қатар орналасқан үш квадратына ортақ төбелерінің биіктіктерінің сомасы, м;


$\sum H_4$ – құрылыс торының қатар орналасқан төрт квадратына ортақ төбелерінің биіктіктерінің сомасы, м;

n – құрылыс торының квадраттарының саны.

4. Құрылыс торы төбелерінің жұмыс биіктіктері h_i квадраттардың төбелерінің нақты H_H және жобалық H_o биіктіктерінің биікайырымдары арқылы анықталады

$$h_i = H_o - H_H, \quad (2)$$

Егер жұмыс биіктігінің таңбасы оң (+) болса, онда ол жерді жобалық горизонтқа дейін көтеру керек, яғни таужыныстарымен толтыру керек, ал таңбасы теріс (-) болса, онда ол жерден таужыныстарын алып, жобалық горизонтқа дейін төмендету керек (2-сурет).



2-сурет. Жұмыс биіктіктерін **a** және нөлдік контурларды **б** анықтау схемасы


Горизонталь жазықтықта тегістеу жұмыстарының нөлдік контуры, яғни, жобалық горизонттың жербетінің топографиялық кескінімен қиылысу сызығы анықталады (2,а, 3-суреттер).

Бұл мәселе квадраттар төбелерінің жұмыс биіктіктері арқылы шешіледі, яғни квадраттардың қай қабырғаларының төбелерінің жұмыс биіктіктерінің таңбалары қарама-қарсы ($\pm$) екені анықталып, сол қабырғада нөлдік контурдың орыны анықталады

$$l = \frac{a \cdot |h_1|}{|h_1| + |h_2|}, \quad (3)$$

a – квадрат қабырғасының ұзындығы, м;

$|h_1|$ және $|h_2|$ – квадраттың бір қабырғасы төбелерінің жұмыс биіктіктері, м.



3-сурет. Нөлдік контур пунктир сызығымен көрсетілген құрылыс торы

5. Өндіріс алаңындағы жер жұмыстарының (қазу, толтыру) көлемін анықтау. Қазу және толтыру жұмыстары әр квадратта жеке анықталады. Нөлдік контур өтпейтін толық квадраттардағы жер жұмыстарының көлемі анықталады

$$V = a^2 \cdot \frac{h_1 + h_2 + h_3 + h_4}{4}, \quad (4)$$

a – квадрат қабырғаларының ұзындығы, м;

h_1, h_2, h_3, h_4 – квадрат төбелерінің жұмыс биіктіктері, м.

Нөлдік сызықтар өтетін квадраттар алдын ала қарапайым фигураларға бөлініп (үшбұрыштар, төртбұрыштар, т. б.), содан кейін әр фигураның ауданы және оның ішіндегі таужыныстарының көлемі есептеледі (3-сурет).

6. Тегістеу кезіндегі маркшейдерлік бақылау жұмыстары және дайындайтын құжаттары:


1) Өндіріс алаңының планы.

2) Нақты (шартты) биіктіктері, жұмыс биіктіктері және нөлдік контуры көрсетілген өндіріс алаңы.

3) Жер жұмыстарының (қазу, толтыру) көлемі көрсетілген кесте.

Егер қазу жұмыстары мен толтыру жұмыстарының көлемі тең болмаса, нөлдік балансқа келтіру үшін жобалау биіктігіне түзету енгізіледі.

Егер өндіріс алаңын көлбеу жазықтықта тегістеу жобаланған болса, онда техникалық жобада көлбеу жазықтық жағдайының көрсеткіштері келтіріледі, яғни құрылыс алаңының бір нүктесінің K биіктігі, көлбеулігі i , немесе көлбеулік бұрышы δ және көлбеулігіне перпендикуляр бағыттың дирекциондық бұрышы α белгілі болады (4-сурет). Осындай мәліметтердің негізінде маркшейдер өндіріс алаңында құрылыс торын бөліп, жер жұмыстарының көлемін есептейді. Барлық есептеу жұмыстары жоғарыда келтірілген тәсілдермен орындалады.



4-сурет. Көлбеу өндіріс алаңындағы құрылыс торы жобасының схемасы

Көлбеу жазықтықта тегістеудің ерекшелігі, ондағы бөлінген құрылыс торы төбелерінің нүктелерінің жобалық биіктіктерін, алаңның көлбеулігін ескеріп, анықтау.

4-суретте $\alpha = 180^\circ$, құрылыс торы төбелерінің арақашықтықтары l , K нүктесінің биіктігі H_0 . 1, 2, 3, ..., 28 нүктелерінің биіктіктері $H_1, H_2, H_3, \dots, H_{28}$.

Құрылыс алаңындағы барлық нүктелердің жобалық биіктіктері K нүктесінің биіктігіне, алаңның көлбеулігіне құрылыс торының схемасына байланысты анықталады.

$$H_{пз} = H_{п10} = H_{п17} = H_{п24} = H_{пк};$$

$$H_{II2} = H_{II9} = H_{III6} = H_{II23} = H_{IIK} - li, H_{II1} = H_{II8} = H_{II15} = H_{II22} = H_{IIK} - 2li; \quad (5)$$

$$H_{II4} = H_{II11} = H_{II18} = H_{II25} = H_{IIK} + li, \dots, H_{II7} = H_{II14} = H_{II21} = H_{II28} = H_{IIK} + 4li;$$

Құрылыс торының жұмыс биіктіктері анықталады

$$h_1 = H_{II1} - H_1; \quad h_2 = H_{II2} - H_2; \quad h_3 = H_{II3} - H_3; \dots; \quad h_{28} = H_{II28} - H_{28}; \quad (6)$$

Нөлдік жұмыстардың сызықтары және жер жұмыстарының көлемі құрылыс алаңын горизонталь жазықтықта тегістеудегі тәсілмен анықталады.

1, 2, 3-кестелерде өндіріс алаңын горизонталь жазықтықта, 4, 5, 6-кестелерде өндіріс алаңын көлбеу жазықтықта тегістеуге және жер жұмыстарының көлемдерін анықтауға арналған есептер келтірілген.

1-кесте

Нүктелердің нөмірі	Есептердің нөмірі және нүктелердің биіктіктері $H, м$								
	1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	8,40	9,90	9,25	9,05	9,05	9,15	8,35	8,85	10,25
2	9,30	9,75	8,81	9,45	8,90	8,60	8,75	9,25	10,74
3	9,70	9,60	8,40	9,40	9,50	8,04	9,26	9,74	10,60
4	9,90	9,25	9,05	9,05	9,15	8,35	9,54	10,23	9,91
5	9,25	10,40	9,65	9,15	9,70	9,40	8,80	8,35	10,20
6	9,75	10,55	9,24	9,79	9,00	8,81	9,41	9,08	10,79
7	10,00	10,00	8,58	10,08	9,60	8,60	9,75	9,70	11,10
8	10,40	9,65	9,15	9,70	9,40	8,80	10,21	11,19	10,37
9	9,20	10,60	10,15	9,25	10,17	9,74	9,48	8,29	10,00
10	9,70	11,12	9,48	9,78	9,60	9,60	9,85	9,00	10,40
11	10,20	10,63	8,90	10,50	9,30	9,40	10,30	9,45	10,34
12	10,60	10,15	9,25	10,17	9,75	9,50	10,80	10,00	10,30
13	8,80	10,45	9,95	9,28	10,62	9,41	10,37	8,91	9,80
14	9,55	10,92	9,52	9,65	9,90	9,90	10,50	9,40	9,75
15	10,00	10,00	9,25	10,37	8,90	10,25	11,00	9,71	9,89
16	10,45	9,95	9,28	10,62	9,40	10,40	11,50	9,80	9,75
17	8,85	10,25	9,90	8,92	10,80	9,65	11,10	9,20	10,30
18	9,25	10,75	9,56	9,50	10,20	9,80	11,40	9,75	10,10
19	9,75	10,60	9,00	10,10	9,40	10,31	11,78	10,18	9,74
20	10,25	9,20	8,92	10,80	9,65	11,10	12,41	10,30	10,15
Құрылыс торының мөлшері $l, м$	20	20	20	20	20	20	20	20	20

2-кесте

Нүкте- лердің нөмірі	Есептердің нөмірі және нүктелердің биіктіктері $H, м$								
	10	11	12	13	14	15	16	17	18
1	10,80	9,65	9,20	10,30	10,15	10,30	10,40	10,20	10,50
2	10,20	9,80	9,75	10,10	10,20	9,90	10,50	9,80	11,05
3	9,40	10,30	10,20	9,75	10,25	10,00	10,60	10,00	11,35
4	9,65	11,10	10,30	10,15	10,30	10,40	10,20	10,50	11,10
5	10,60	10,00	9,40	10,75	10,00	10,60	9,90	9,95	9,90
6	10,15	10,50	9,80	10,40	10,55	10,30	10,40	9,95	10,45
7	9,75	11,00	10,45	9,96	10,75	9,90	10,40	9,90	10,70
8	10,00	11,50	10,75	10,00	10,60	9,90	9,95	9,90	10,50
9	10,20	10,20	9,46	11,18	9,80	11,40	9,90	10,10	10,00
10	9,60	10,75	10,10	10,80	10,40	10,80	9,80	10,30	9,95
11	9,75	11,40	10,70	10,20	11,00	10,40	9,80	10,25	10,26
12	9,80	11,80	11,18	9,82	11,40	9,90	10,10	10,00	9,95
13	10,80	9,80	9,10	11,18	9,75	11,45	10,35	10,50	10,35
14	10,20	10,20	9,95	11,00	10,20	11,40	9,70	10,90	9,70
15	10,20	10,70	10,60	10,35	10,85	10,75	10,20	10,90	9,60
16	9,80	11,20	11,16	9,75	11,45	10,35	10,50	10,35	9,42
17	10,40	10,20	9,90	10,70	9,70	11,30	10,00	10,70	10,70
18	10,50	9,80	9,70	11,20	10,10	11,10	9,80	11,36	10,10
19	10,60	10,00	10,25	10,50	10,70	10,50	10,20	11,40	9,60
20	10,20	10,50	10,70	9,70	11,30	10,00	10,70	10,70	9,70
Құрылыс торының мөлшері $l, м$	20	20	20	20	20	20	20	20	20

3-кесте

Нүкте- лердің нөмірі	Есептердің нөмірі және нүктелердің биіктіктері $H, м$								
	19	20	21	22	23	24	25	26	27
1	9,70	11,30	10,00	10,70	10,70	11,10	18,42	19,45	19,05
2	10,10	11,10	9,80	11,30	10,10	10,40	18,78	19,54	19,85
3	10,70	10,50	10,20	11,40	9,60	11,80	19,20	19,45	19,46
4	11,30	10,00	10,70	10,70	8,70	12,40	19,48	19,26	19,08
5	9,90	11,10	9,80	10,30	10,80	11,50	18,66	19,90	19,24
6	9,90	11,09	9,40	10,80	10,25	12,25	19,25	20,12	19,82
7	10,60	10,40	10,00	11,50	9,75	13,00	19,50	19,87	20,10
8	11,10	9,80	10,30	10,80	9,20	13,50	19,92	19,65	19,68
9	10,10	10,70	9,70	10,15	10,50	11,80	18,87	20,36	19,26
10	9,60	10,70	9,30	10,60	9,95	12,40	19,32	20,61	19,81
11	10,25	10,25	9,75	10,90	9,50	12,60	19,80	20,42	20,51
12	10,70	9,70	10,15	10,50	9,00	12,22	20,36	20,00	20,12
13	9,90	10,20	9,40	9,80	10,12	11,20	18,82	20,50	19,30
14	9,75	10,18	8,85	10,25	9,70	11,60	19,40	21,12	19,65
15	9,80	9,80	9,25	10,40	9,24	11,80	20,04	20,72	20,42
16	10,20	9,40	9,80	10,12	8,72	11,90	20,53	20,20	20,60
17	9,50	9,70	9,10	9,40	9,60	10,50	18,84	20,55	18,90
18	8,90	9,76	8,50	9,75	9,40	11,05	19,38	21,10	19,50
19	9,40	9,50	8,70	9,78	8,92	11,35	20,51	20,90	20,00
20	9,70	9,10	9,40	9,60	8,46	11,10	20,58	20,40	20,80
Құрылыс торының мөлшері $l, м$	20	20	20	20	20	20	20	20	20

4-кесте

Нүктелердің нөмірі	Есептердің нөмірі және нүктелердің биіктіктері $H, м$						
	28	29	30	31	32	33	34
1	8,82	8,82	8,82	8,82	9,56	9,56	9,56
2	8,98	8,98	8,98	8,98	9,68	9,88	9,68
3	10,00	10,00	10,00	10,00	9,83	9,83	9,83
4	10,52	10,52	10,52	10,52	8,16	8,16	8,16
5	9,48	9,48	9,48	9,48	9,07	9,07	9,07
6	9,58	9,56	9,56	9,56	8,11	8,11	8,11
7	9,51	9,51	9,51	9,51	9,75	9,75	9,75
8	10,52	10,52	10,52	10,52	9,50	9,50	9,50
9	10,73	10,73	10,73	10,73	9,88	9,92	10,12
10	9,26	9,26	9,26	9,26	9,45	9,45	9,45
11	9,83	9,83	9,83	9,83	9,25	9,25	9,25
12	8,90	8,90	8,90	8,90	10,75	10,75	10,75
13	11,13	11,13	11,13	11,13	10,50	10,50	10,50
14	9,96	10,08	10,06	9,94	11,06	11,05	11,05
15	9,75	9,75	9,75	9,75	9,84	9,98	10,16
16	9,28	9,28	9,28	9,28	10,00	10,00	10,00
17	10,04	10,12	9,97	9,91	10,83	10,83	10,83
18	11,08	11,08	11,08	11,08	11,07	11,07	11,07
19	10,32	10,32	10,32	10,32	10,38	10,38	10,38
20	9,68	9,68	9,68	9,68	10,58	10,58	10,58
$i \perp$ бағытының α	0°00'	90°00'	180°00'	270°00'	0°00'	90°00'	180°00'
Көлбеулігі, i	0,05	0,05	0,001	0,001	0,05	0,05	0,001
Масштабы	1:500	1:500	1:1000	1:1000	1:500	1:500	1:1000
Құрылыс торының мөлшері $l, м$	20	20	30	30	20	20	40

5-кесте

Нүктелердің нөмірі	Есептердің нөмірі және нүктелердің биіктіктері $H, м$						
	35	36	37	38	39	40	41
1	15,00	15,00	15,00	15,00	15,00	20,00	20,00
2	15,45	15,51	15,51	15,51	15,51	19,51	19,51
3	15,96	15,50	15,50	15,50	15,50	19,80	19,80
4	15,07	15,82	15,82	15,82	15,82	19,25	19,25
5	15,32	16,08	16,08	16,08	16,08	19,68	19,68
6	14,82	14,28	14,28	14,28	14,28	20,70	20,70
7	14,60	14,96	15,04	15,04	14,96	19,96	20,04
8	14,44	15,50	15,50	15,50	15,50	19,68	19,68
9	15,31	15,82	15,82	15,82	15,82	19,88	20,04
10	15,87	15,70	15,70	15,70	15,70	19,09	19,09
11	14,62	14,62	14,62	14,62	14,62	20,76	20,76
12	14,49	14,52	14,52	14,52	14,52	19,96	20,08
13	14,78	15,46	15,46	15,46	15,46	19,30	19,30
14	15,80	14,88	15,08	15,12	14,92	19,60	19,60
15	15,63	14,50	14,50	14,50	14,50	19,84	20,08
16	14,07	14,09	14,09	14,09	14,09	20,65	20,65
17	14,09	13,92	13,92	13,92	13,92	21,07	21,07
18	14,28	14,50	14,50	14,50	14,50	20,35	20,35
19	15,25	14,71	14,71	14,71	14,71	20,40	20,40
20	15,09	14,20	14,20	14,20	14,20	20,73	20,73
$\angle$ ба- ғыттың α	270°00'	0°00'	90°00'	180°00'	270°0 0'	0°00'	90°00'
Көлбеу- лігі, i	0,001	0,05	0,05	0,001	0,001	0,05	0,05
Масш- табы	1:1000	1:500	1:500	1:1000	1:1000	1:500	1:500
Құрылыс торының мөлшері $l, м$	30	20	20	30	30	20	20

Нүктелердің нөмірі	Есептердің нөмірі және нүктелердің биіктіктері $H, м$						
	42	43	44	45	46	47	48
1	20,00	19,52	19,52	15,00	15,00	15,00	24,62
2	19,51	20,48	20,48	15,45	15,45	15,45	24,30
3	19,80	20,70	20,70	15,56	15,96	15,96	24,60
4	19,25	19,30	19,30	15,07	15,07	15,07	24,29
5	19,68	19,95	19,95	15,32	15,32	15,32	24,18
6	20,70	19,39	19,39	14,82	14,82	14,82	24,35
7	19,96	20,60	20,60	14,60	14,60	14,60	25,70
8	19,68	20,29	20,29	14,44	14,44	14,44	25,41
9	19,96	19,40	19,40	15,31	15,31	15,31	24,80
10	19,09	19,08	19,08	15,87	15,87	15,87	24,29
11	20,76	19,84	19,84	14,62	14,62	14,62	24,80
12	19,92	19,96	20,08	14,49	14,49	14,49	25,20
13	19,30	20,42	20,42	14,78	14,78	14,78	25,41
14	19,60	20,30	20,30	15,80	15,80	15,80	24,15
15	19,92	19,88	20,03	15,63	15,63	15,63	24,78
16	20,65	19,80	19,80	14,07	14,07	14,07	24,53
17	21,07	19,21	19,21	14,09	14,09	14,09	24,80
18	20,35	19,58	19,58	14,28	14,28	14,28	24,60
19	20,40	19,84	20,12	15,25	15,25	15,25	24,48
20	20,73	20,70	20,70	15,09	15,09	15,09	24,70
$i \perp$ бағыттың α	270°00'	0°00'	90°00'	0°00'	90°00'	180°00'	180°00'
Көлбеулігі, i	0,05	0,05	0,05	0,05	0,05	0,001	0,02
Масштабы	1:500	1:500	1:500	1:500	1:500	1:1000	1:500
Құрылыс торының мөлшері $l, м$	20	20	20	20	20	30	10

Жұмысты орындау кезінде: 1) өндіріс алаңының планын дайындайды; 2) өндіріс алаңының жоба биіктігін анықтайды; 3) жұмыс биіктіктерін анықтайды; 4) жер жұмыстарының нөлдік контурын анықтайды; 5) әр квадратта алынатын, немесе толтырылатын таужыныстарының көлемін анықтайды; 6) өндіріс алаңындағы орындалатын барлық жер жұмыстарының (алу, толтыру) көлемін анықтайды.

2. ОҚПАН ЦЕНТРІНІҢ КООРДИНАТАЛАРЫН ЖӘНЕ ОСТЕРІНІҢ ДИРЕКЦИОНДЫҚ БҰРЫШТАРЫН АНЫҚТАУ

Жаңа шахтаның құрылысында оқпанның центрі және остері жербетіндегі орынына жобадағы координаталары мен дирекциондық бұрыштарына сәйкес көшіріледі. Кей уақытта, шахтаны пайдалану кезінде, жербетінде оқпанның жағдайын анықтау қажет болады, яғни оның центрінің координаталарын және остерінің дирекциондық бұрышын қайта анықтауға тура келеді.

Оқпанды толық жаңарту (реконструкциялау) кезінде оның центрінің координаталары мен остерінің дирекциондық бұрыштары жербетінде, ал оқпанды тереңдету кезінде – тереңдету қабатында (горизонтында) анықталады. Егер оқпандар қисайған (деформацияланған) болса, онда оның центрлерінің координаталары мен остерінің дирекциондық бұрыштарын, қабырғаларының дайындалған профильдерінің нәтижелерін пайдаланып, қажетті қабаттарда анықтайды.


Оқпан центрінің координаталары, оның горизонталь кимасы түсірістерінің нәтижелерін пайдаланып, аналитикалық, немесе графикалық тәсілмен анықталады.

Көлденең кималары дөңгелек оқпандарда, оның қабырғасының ішкі периметрінде бірқалыпты орналасқан үш нүкте *A*, *B* және *B* белгіленеді (5,а-сурет). Осы нүктелердің координаталарын анықтап, төмендегі 3 теңдеу жүйесін есептеу нәтижесінде, оқпан центрінің координаталары $x_{Ц}$ және $y_{Ц}$ анықталады:

$$\begin{aligned}(x_A - x_{Ц})^2 + (y_A - y_{Ц})^2 - r^2 &= 0; \\ (x_B - x_{Ц})^2 + (y_B - y_{Ц})^2 - r^2 &= 0; \\ (x_B - x_{Ц})^2 + (y_B - y_{Ц})^2 - r^2 &= 0;\end{aligned}\tag{7}$$

r – оқпанның қимасының радиусы.


A, *B* және *B* нүктелерінің координаталары, 5, а-суретінде келтірілген схема бойынша, өлшенген β_1 , β_2 және β_3 бұрыштарын, қабырғаларының ұзындықтары s_1 , s_2 және s_3 , I-II қабырғасының дирекциондық бұрышын α_{I-II} пайдаланып анықталады.



5-сурет. Оқпан центрінің координаталарын анықтауға арналған схемалар

Центрдің координаталарын графикалық әдіспен анықтау үшін үлкен 1:50; 1:100 масштабтағы оқпанның схемасын дайындайды. Оқпанның центрі А,Б және В нүктелерінен жүргізілген хордалардың ортасынан тұрғызылған перпендикулярлардың қиылысқан жерінде болады (5б-сурет).


Егер оқпанның ішкі периметріне қажетті нүктелерді орнату мүмкін болмаса, онда оқпанға түсірілген тіктеуіштерді пайдаланады да оқпанның қабырғасына дейінгі қашықтықтарды өлшейді (6-сурет). Тіктеуіштердің координаталары алдыңғы схемадағыдай анықталады.



6-сурет. Оқпанда тіктеуіштерді орнату схемасы

Содан кейін 6-суреттегі схеманы үлкен масштабта дайындап (7-сурет), жақындату тәсілімен центрдің жағдайын анықтайды:

1. Оқпанға түсірілген тіктеуіштер дөңгелек оқпан аузының шеңберінде орналасқан деп есептеп, оның центрінің бірінші жақындатылған O_1 орынын анықтайды.



7-сурет. Оқпан центрінің жағдайын жақындату тәсілімен анықтау схемасы

2. O_1 оқпанның центрі деп есептеп, O_1A , O_1B және O_1C радиустарының бағытымен a , b және c кесінділерін салады. a_1 , b_1 және c_1 нүктелері оқпан аузының шеңберінде орналасқан деп есептеп, оқпан центрінің екінші жақындатылған O_2 орыны анықталады.

3. O_2 оқпанның центрі деп есептеп, O_2A , O_2B және O_2C радиустарының бағытымен a , b және c кесінділерін салады. a_2 , b_2 және c_2 нүктелері оқпан аузының шеңберінде орналасқан деп есептеп, оқпан центрінің үшінші жақындатылған O_3 орыны анықталады.


4. O_3 нүктесі оқпан центріне жақын орналасқан деп есептеп, оның координаталарын оқпан центрінің координаталары ретінде қабылдайды.

Оқпанның көлденең қимасы тік бұрышты (квадрат, төртбұрышты) болғанда, оның бұрыштарында төрт нүкте A , B , C және D белгілеп (8-сурет), жоғарыда айтылғандай солардың координаталарын анықтап, төмендегі теңдеулерді есептеу нәтижесінде оқпан центрінің координаталарын анықтайды:

$$x_{O_1} = 0,25(x_A + x_B + x_C + x_D);$$


$$y_{O_1} = 0,25(y_A + y_B + y_C + y_D), \quad (8)$$

немесе оқпанның көлденең қимасын үлкен масштабта дайындап, оның диагональдарының қиылысқан жеріндегі нүктенің координаталарын графикалық әдіспен анықтайды.



8-сурет. Оқпан центрінің координаталарын анықтау схемасы

Егер оқпанның бұрыштары онша анық болмаса, центрінің координаталарын анықтау үшін оның бұрыштарының маңында оқпанға түсірілген 4 тіктеуіш A' , B' , B' және Γ' пайдаланылады (9-сурет).



9-сурет. Бұрыштары анық болмаған жағдайдағы оқпан центрінің координаталарын анықтау схемасы

Тіктеуіштерден оқпан қабырғаларына дейінгі қашықтықтар: a_1 , a_2 , b_1 , b_2 , c_1 , c_2 және c_1 , c_2 өлшенеді. Өлшенген нәтижелерді пайдаланып оқпанның бұрыштарын анықтайды. Бұрыштарынан тартылған диагональдардың қиылысқан жеріндегі нүктені оқпанның центрі ретінде қабылдап, графикалық әдіспен координаталарын анықтайды.

Төменде оқпан центрінің координаталарын анықтауға арналған есептер келтірілген.

№ 49-58 есептерде оқпанның көлденең қимасының шеңберіне орналасқан A , B және B нүктелерінің координаталары белгілі болғанда, оқпан центрінің координаталарын анықтау керек (7-кесте).

№ 59-73 есептерде оқпан бұрыштарының маңына орналасқан A , B және B тіктеуіштерінің координаталары белгілі болғанда, оқпан центрінің координаталарын анықтау керек (8-кесте).

Есеп №	Нүктенің координаталары, м					
	А		Б		В	
	x	y	x	y	x	y
49	428,000	355,500	429,700	359,900	425,625	358,850
50	428,000	355,000	430,025	360,250	425,150	359,000
51	428,000	354,500	430,650	360,650	424,700	359,175
52	429,800	356,250	429,025	360,325	425,650	375,250
53	430,150	355,900	429,250	360,750	425,175	357,100
54	430,525	355,575	429,475	361,225	424,675	356,950
55	255,000	103,000	257,300	108,550	252,600	108,150
56	255,000	104,000	258,150	108,950	251,650	108,400
57	255,000	105,000	259,100	109,400	250,650	108,650
58	256,350	103,700	256,550	109,475	252,500	108,500

Біреуі оқпанның негізгі кермелеріне перпендикуляр, екіншісі параллель өзара перпендикуляр екі сызықты оқпанның осьтері деп атайды. Кермелерінің дирекциондық бұрышын анықтау арқылы оқпанның дирекциондық бұрышын анықтауға болады. 10-суретте негізгі керменің жағдайы көрсетілген оқпанның қимасы көрсетілген. Негізгі керменің екі шетіне 2 тіктеуіш O_1 және O_2 орнатылады. Тіктеуіштер мен C нүктесі O_1O_2C үшбұрышын құрады. Егер үшбұрыш қабырғаларының ұзындықтары a , b , c және C нүктесіндегі γ бұрышы, жалғасу бұрыштары DCO_1 және DCO_2 , тіктеуіштерден кермеге дейінгі қашықтықтар l_1 және l_2 өлшенсе, көтеру осінің дирекциондық бұрышын, яғни оқпан осінің дирекциондық бұрышын анықтауға қажет барлық мәліметтер дайын болады.


10-суретте келтірілген схема бойынша

$$\alpha_0 = (O_1O_2) - \varepsilon, \quad \text{мұндағы} \quad \varepsilon = \frac{l_2 - l_1}{c} \rho.$$

l_1 және l_2 қашықтықтары кермелердің бірнеше секциясында өлшеніп, олардың орташа мәні анықталады. Оны ε бұрышының мәнін анықтауға пайдаланады.

$$l_1 > l_2 \text{ болған жағдайда } \alpha_0 = (O_1O_2) + \varepsilon.$$

Есеп №	Тіктеуіштердің координаталары, м						Тіктеуіштен оқпан қабырғасына дейінгі қашықтық, м		
	А		Б		В		а	б	в
	х	у	х	у	х	у			
59	438,000	355,825	440,100	358,775	436,075	359,250	0,375	0,260	0,220
60	437,500	355,250	440,250	359,475	436,075	360,300	0,200	0,310	0,175
61	438,000	354,750	440,850	359,210	435,330	359,850	0,220	0,400	0,300
62	439,700	356,800	438,400	360,300	435,800	357,130	0,370	0,200	0,150
63	440,400	356,300	438,520	360,560	435,200	357,475	0,200	0,400	0,180
64	440,480	356,220	438,275	361,310	434,900	356,680	0,400	0,200	0,150
65	553,450	205,900	557,250	206,750	554,000	209,620	0,250	0,150	0,125
66	553,225	204,750	558,250	206,500	553,500	210,500	0,200	0,150	0,125
67	552,250	204,250	559,150	206,250	553,250	211,250	0,225	0,200	0,250
68	555,500	205,250	557,075	208,600	552,800	208,350	0,225	0,175	0,150
69	554,750	204,250	558,000	209,000	551,850	208,625	0,250	0,150	0,200
70	555,250	203,400	559,000	209,250	551,000	208,975	0,400	0,200	0,250
71	556,250	205,750	555,750	209,750	552,625	207,300	0,200	0,200	0,150
72	556,650	204,650	556,250	210,550	551,650	207,250	0,250	0,250	0,150
73	557,250	203,750	557,000	211,375	550,625	207,050	0,150	0,150	0,100



10-сурет. Оқпан осінің дирекциондық бұрышын анықтауға арналған схема

Есеп. 10-суретте келтірілген оқпанда дирекциондық бұрыш $\alpha_{DC}=75^{\circ}10'20''$; $DCO_1=51^{\circ}10'15''$; $DCO_2=51^{\circ}45'45''$; $\gamma=O_1CO_2=0^{\circ}35'27''$; кабырғаларының ұзындықтары $a=3,448$ м; $b=9,006$ м; $c=5,557$ м;

тіктеуіштерден кермеге дейінгі қашықтықтар: $l_1 = 0,315$ м;
 $l_2 = 0,395$ м.

Шешуі:

1. Жоғарыда келтірілген формуламен керме мен тіктеуіштердің арасындағы сызықтың арасындағы ε бұрышының мәнін анықтаймыз

$$\varepsilon = \frac{0,395 - 0,315}{5,557} \cdot 206265 = 0^\circ 49' 30''.$$

2. O_1CO_2 үшбұрышынан тіктеуіштерге жанасатын бұрыштардың мәндерін анықтаймыз

$$\alpha'' = \frac{a}{c} \gamma'' = \frac{3,448}{5,557} \cdot 2127 = 0^\circ 22' 00'';$$

$$\beta'' = \frac{b}{c} \gamma'' = \frac{9,006}{5,557} \cdot 2127 = 0^\circ 57' 27'', \text{ немесе}$$

$$\beta = 179^\circ 02' 33''; \alpha + \beta + \gamma = 0^\circ 22' 00'' + 179^\circ 02' 33'' + 0^\circ 35' 27'' = 180^\circ 00' 00''.$$

3. Екі тіктеуіштің арасындағы сызықтың дирекциондық бұрышы

$$(O_1O_2) = (DC) + DCO_1 - \alpha \pm 2 \cdot 180^\circ = 75^\circ 10' 20'' + 51^\circ 10' 15'' - 0^\circ 22' 00'' = 125^\circ 58' 35''.$$

4. Оқпанның осінің дирекциондық бұрышы

$$\alpha_0 = (O_1O_2) - \varepsilon = 125^\circ 58' 35'' - 0^\circ 49' 30'' = 125^\circ 09' 05''.$$

9-кестеде келтірілген 74-84 есептерде оқпан осінің дирекциондық бұрышын α_0 анықтауға қажет мәліметтер келтірілген.

Есеп-тердің нөмірі	С нүктесінің координаталары		Дирекцион- дық бұрыш, α_{DC}	Бұрыш			Қабырғаның ұзындығы, м			Қашықтық, м	
	x	y		DCO_1	DCO_2	γ	a	b	c	l_1	l_2
74	298,731	312,568	177°49'14"	39°44'44"	40°10'34"	0°25'50"	3,628	7,022	3,395	0,225	0,360
75	298,731	312,568	177°49'14"	39°41'49"	40°18'31"	0°36'42"	3,594	6,990	3,397	0,230	0,352
76	290,740	314,256	40°12'38"	52°10'45"	54°21'39"	2°10'54"	5,577	8,960	3,396	0,280	0,395
77	295,305	315,080	273°12'20"	171°37'10"	173°45'25"	2°08'15"	5,607	8,996	3,399	0,147	0,209
78	218,545	342,110	45°27'12"	61°09'10"	61°48'08"	0°38'58"	4,987	8,384	3,396	0,152	0,307
79	209,105	327,418	49°12'20"	57°12'00"	57°49'24"	0°37'24"	5,022	8,419	3,398	0,098	0,158
80	125,230	286,155	57°12'20"	63°42'09"	63°56'57"	0°14'48"	4,013	9,549	5,536	0,105	0,220
81	287,970	325,176	62°45'15"	42°09'13"	42°16'10"	0°06'57"	4,012	9,569	5,557	0,315	0,205
82	412,850	347,212	42°09'10"	85°12'40"	85°57'52"	0°45'12"	5,204	9,805	4,603	0,310	0,205
83	228,756	251,815	58°13'15"	73°15'20"	73°16'50"	0°01'30"	5,177	9,803	4,625	0,275	0,152

3. БІР АРҚАНДЫ КӨТЕРГІШ ҚОНДЫРҒЫНЫҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІН МАРКШЕЙДЕРЛІК БАҚЫЛАУ

Бір арқанды көтергіш қондырғының геометриялық элементтерін маркшейдерлік бақылау кезінде маркшейдердің шешетін негізгі мәселесі – көтергіш қондырғы элементтерінің арасындағы геометриялық қатынастарының нақтылы жағдайларын анықтау. Көтергіш қондырғы элементтерінің арасындағы геометриялық қатынастарының анықталған нақтылы жағдайларының мөлшерлерін жобалық мөлшерлерімен салыстыру нәтижесінде, олардың ауытқу мөлшерлерін анықтап, көтергіш қондырғының дұрыс және қауіпсіз істеуін қамтамасыз ететін шекті мөлшерлерімен салыстырады.

Көтергіш қондырғының элементтері: арқан оралатын барабаны бар көтергіш машина, бағдарлайтын шкивтері (шеңберінде арқан өтетін науалары бар дөңгелектер) және оқпан үстіне орнатылған, жұмысшыларды, қажетті нәрселерді, таужыныстарын және пайдалы кенді көтеретін ыдыстары бар копер.


Көтергіш қондырғының негізгі геометриялық элементтері: көтеру осі және центрі, көтергіш машинаның бас белдігінің осі, көтеру биіктігі H_K және девиация бұрыштары (көтергіш арқанның көтеру осінен ауытқу бұрыштары) α_T , α_K , β_T және β_K (11-сурет).

Маркшейдерлік бақылау шахта құрылысы біткеннен кейін және пайдалану кезінде мезгілімен жылына бір рет жүргізіледі.

Маркшейдерлік бақылаудың негізгі мақсаты – көтергіш қондырғы машиналарының барабандарындағы және шкивтеріндегі девиация бұрыштарын анықтау. Бұл мәселені шешу үшін келесі элементтер пайдаланылады: көтеру биіктігі H , копердің биіктігі H_K , арқанның шкив және барабан арасындағы ұзындығы L_S , көтергіш машина бас белдігінің осінен оқпанның центріне дейінгі қашықтық L , арқандардың шкивтер мен барабандардың арасындағы көлбеуліктері φ , барабандар ендерінің құрылыс кеңдіктерінің мөлшерлері B_O және барабандардағы бөлек зоналар ендері кеңдіктерінің мөлшерлері

l , барабандардың өзара қашықтықтары b , көтергіш машина бас белдігінің биіктігі h_B , қабылдау алаңының биіктігі h_{KA} , барабандардың диаметрлері D_B , шкивтердің диаметрлері $D_{Ш}$, арқандардың диаметрлері d_A , көтеру осінен шкивтердің симметрия остеріне дейінгі қашықтықтары a_{C1} , a_{C2} , a_{O1} және a_{O2} . Бақылау жұмыстарына қажет элементтердің мөлшерлерін, көтергіш қондырғының схемасына сәйкес, өлшеулер, немесе есептеулер нәтижелерінде анықтайды.

Яғни, маркшейдерлік бақылау кезінде копер алаңдарының, шкивтер мен көтергіш машина элементтерінің биіктіктерін анықтайды, көтеру осін шкивтер орнатылатын алаңға көшіріп, шкивтердің жағдайын анықтайтын, нөлдік алаңда көтеру центрінің жағдайын анықтауға қажет арқандардың және ыдыстарды бағдарлайтын бағандардың жағдайын анықтайтын, көтергіш машина ғимаратында – машинаның элементтерін (машина бас белдігі осінің горизонтальдығын және барабан зоналарының мөлшерлерін) анықтайтын түсірулер жүргізіледі.



11-сурет. Көтергіш қондырғының геометриялық элементтерінің схемасы

Бақылау өлшеулерінің (түсірістерінің) нәтижелерін пайдаланып, көтеру осінің нақты жағдайын анықтайды және барабандар мен шкивтердегі девиация бұрыштарының мәндерін есептейді.

Бұл жұмыстарды оқпан остерінің пункттерінен, немесе оқпан остеріне тәуелсіз шартты координаталар жүйесіндегі пункттерден орындауға болады.

Төменде, оқпан остеріне тәуелсіз шартты координаталар жүйесінде орындалатын, бір арқанды көтергіш қондырғыны маркшейдерлік бақылау жұмыстарының мазмұны және орындалу реті қарастырылған.

Көтергіш қондырғыны тексеру кезіндегі маркшейдерлік жұмыстар: көтергіш машина ғимаратының ішінен басталатын теодолиттік жүрісті көтергіш машинаның бас белдігімен жалғастыру, машина залымен копердің арқан бағдарлайтын дөңгелектері (шкивтері) орнатылатын алаңының арасында теодолиттік түсіріс жүргізу, көтергіш машина бас белдігінің және арқан бағдарлайтын дөңгелектер белдіктерінің биіктіктерін анықтау, копердің арқан бағдарлайтын дөңгелектер орнатылған алаңында өлшеулер жүргізу, түсіру, өлшеу нәтижелерін камералдық өңдеу және графикалық құжаттарын дайындау.

Теодолиттік түсірісті көтергіш машинаның бас белдігімен жалғастыру іс жүзінде 3 тәсілмен орындалады: 1) көтергіш машина барабаны бүйірінің жақтауына орнатылған (Γ және Γ_1) пункттерге жалғасу; 2) көтергіш машинаның бас белдігін жобадан жер бетіндегі орынына көшіруге, бөлуге арналған остердің пункттеріне жалғасу; 3) көтергіш машинаның бас белдігіне жалғасу.

Бірінші тәсіл. Көтергіш қондырғының геометриялық элементтерін тексеру үшін, көтергіш машина барабаны бүйірінің жақтауына орнатылған, қабылданған шартты координаталардың X' осіне параллель, Γ және Γ_1 пункттерінен оқпанға дейін $\Gamma - \Gamma_1 - C - B - D$ және көтергіш машинадан шамамен көтеру осіне жақын орнатылған, шкив орнатылған копер алаңына көздеуге мүмкіндік беретін, A пунктіне дейін $\Gamma - \Gamma_1 - C - B - A$ теодолиттік түсірістер жүргізіледі (12-сурет).

шетіне орнатылады. Барабанды 180° айналдырғанда ол Γ_1 нүктесінің орынына келеді де, көтеру осіне параллель $\Gamma\Gamma_1$ сызығын құрады (12-сурет).

Шкивтерді түсіру үшін шкивтер орнатылған алаңға, нақты көтеру осіне параллель сызық орнатылады. Ол үшін көпердің шкивтер орнатылған алаңына BAI бұрышын көшіріп, I және II сызықтарын белгілейді.

BAI мәні

$$BAI = (AI)' - (AB)';$$

мұндағы

$$(AI)' = (\Gamma\Gamma_1)';$$


$$(AB)' = (\Gamma\Gamma_1)' + \Gamma_1\Gamma C - BCG + CBA \pm 180^\circ.$$

Шкивтердің жағдайын анықтау үшін түсірістер кезінде (14-сурет), шкивтердің арқан жүретін науаларының енін d және $I-II$ сызығынан шкивтердің арқан жүретін науаларының шетіне дейінгі a'_{C1} , a'_{C2} , a'_{O1} және a'_{O2} анықталады. Тіктеуіштер, немесе деңгейдің көмегімен шкивтердің остік жазықтықтарының вертикальдығын (тіктігін) тексереді.

Қажетті мәліметтерді дайындау үшін көтергіш машинаның барабанын және Γ_1 түсіреді. Бұл түсіріс кезінде барабандардың арақашықтықтарын b , барабанның B_0 және оның зоналары ендерінің l кендіктерін, Γ нүктесін белгілейтін шегенің, немесе кронштейннің ұзындығын f , барабан жақтарының қалыңдығын r өлшейді. ΓCB және $\Gamma_1 CB$ бұрыштары, ΓC және $\Gamma_1 C$ қабырғаларының ұзындықтары өлшенеді.

Бақылау өлшеулерінің нәтижелерін камералдық өңдеу келесі ретпен орындалады:

1. M нүктесінде, x' осі ретінде көтеру осінің окпанға бағыты, y' осі ретінде көтергіш машинаның бас белдігі осінің бағыты қабылданған, шартты координата жүйесін кіргізеді, яғни $x'_M = 0$; $y'_M = 0$ (12-сурет).



14-сурет. Шкивтердің симметрия остерінің жағдайын анықтау схемасы

2. Γ және Γ_1 нүктелерінің координаталары есептеледі

$$x'_\Gamma = -\frac{\Gamma\Gamma_1}{2} = -\frac{C\Gamma_1 - C\Gamma}{2}; \quad x'_{\Gamma_1} = \frac{\Gamma\Gamma_1}{2};$$

$$y'_\Gamma = y'_{\Gamma_1} = \frac{b}{2} + B_0 + r + f. \quad (9)$$

3. $C\Gamma\Gamma_1$ үшбұрышынан жүргізілген өлшеулердің нәтижелерін пайдаланып, яғни $C\Gamma_1 = a'$, $C\Gamma = b'$ және $\Gamma\Gamma_1 = c$, $\gamma = \angle B\Gamma_1 - \angle B\Gamma$, синустар теоремасымен Γ және Γ_1 нүктелеріндегі $\angle \Gamma_1 C = \beta$ және $\angle \Gamma C = \alpha$ бұрыштарының мәндерін анықтаймыз

$$\sin \alpha = \frac{a'}{c} \sin \gamma; \quad \sin \beta = \frac{b'}{c} \sin \gamma,$$

егер үшбұрыш өте созылған болса

$$\alpha'' = \frac{a'}{c} \gamma''; \quad \beta'' = \frac{b'}{c} \gamma''.$$

Үшбұрыш бұрыштарының сомасы 180° болуы керек, ал $\Gamma\Gamma_1$ сызығының дирекциондық бұрышы көтеру осінің нақты дирекциондық бұрышы болып, $(\Gamma\Gamma_1) = 0^\circ 00' 00''$ тең болады.

4. B , A және D нүктелері, A_C және A_O арқандары, B_1 , B_2 , B_3 және B_4 бағандарының координаталары, теодолиттік түсірістің нәтижелерін камералдық өңдеуге арналған белгілі әдіспен, координаталар кестесін пайдаланып анықталады.

5. Арқандардың координаталарын пайдаланып, көтергіш қондырғының көтеру центрінің координаталарын анықтап

$$x'_{KC} = \frac{x'_{AC} + x'_{AO}}{2}; \quad y'_{KC} = \frac{y'_{AC} + y'_{AO}}{2}, \quad (10)$$

ыдыстарды бағдарлайтын бағандардың координаталарын есептеп, анықталған көтергіш қондырғының көтеру центрімен салыстырады

$$\begin{aligned} x'_{KC} &= \frac{1}{2} \left(\frac{x'_{B1} + x'_{B2}}{2} + \frac{x'_{B3} + x'_{B4}}{2} \right); \\ y'_{KC} &= \frac{1}{2} \left(\frac{y'_{B1} + y'_{B2}}{2} + \frac{y'_{B3} + y'_{B4}}{2} \right). \end{aligned} \quad (11)$$

Екі рет анықталған координаталардың айырмашалығы 25 мм аспауы керек.

6. Көтеру осінің нақты жағдайынан шкивтердің симметрия осіне дейінгі a_C және a_O қашықтықтарын есептейді (14-сурет)

$$a_C = \frac{a_{C1} + a_{C2}}{2} + y'_A; \quad a_O = \frac{a_{O1} + a_{O2}}{2} - y'_A, \quad (12)$$

мұндағы

$$\begin{aligned} a_{C1} &= a'_{C1} + \frac{d}{2}; & a_{O1} &= a'_{O1} + \frac{d}{2}; \\ a_{C2} &= a'_{C2} + \frac{d}{2}; & a_{O2} &= a'_{O2} + \frac{d}{2}; \end{aligned}$$

y'_A – A нүктесінің координатасы.

7. Көтеру осімен шкивтердің симметрия осінің арасындағы бұрышты есептейді (14-сурет)

$$\gamma_C = \frac{a_{C2} - a_{C1}}{D_{III}} \cdot \rho; \quad \gamma_O = \frac{a_{O2} - a_{O1}}{D_{III}} \cdot \rho. \quad (13)$$

8. Көтеру центрінен көтергіш машинаның бас белдігінің осіне дейінгі қашықтық L_K есептеледі

$$L_K = \frac{x'_{AC} + x_{AO}}{2} = x_{KC}. \quad (14)$$

9. Шкивпен барабанның арасындағы арқандардың ұзындықтарын L_S және көлбеуліктерін φ есептейді (11-сурет).

Шкивпен барабанның арасындағы арқандардың ұзындықтары әртүрлі болады. Негізінде астыңғы арқан үстіңгісінен кішкене ұзындау (шамамен 400 мм) болады. Девиация бұрыштарын анықтау үшін шкивтің осімен көтергіш машинаның бас белдігі осінің арасындағы қашықтықты, яғни шкив пен барабанның арасындағы қашықтықты пайдаланады.

11-суреттегі схема бойынша арқандардың көлбеулік бұрыштары және ұзындықтары есептеледі

$$\varphi_T = \varphi + \Delta\varphi_T; \quad \varphi_K = \varphi + \Delta\varphi_K;$$

$$L_S = \frac{H_K - h_B}{\sin \varphi} = \frac{L_K - R_{III}}{\cos \varphi}, \quad \text{немесе}$$


$$L_S = \sqrt{(H_K - h_B)^2 + (L_K - R_{III})^2}. \quad (15)$$

мұндағы
$$\operatorname{tg} \varphi = \frac{H_K - h_B}{L_K - R_{III}}, \quad \Delta\varphi_T = \frac{R_{III} + R_B}{L_S} \cdot \rho;$$

$$\Delta\varphi_K = \frac{R_B + R_{III}}{L_S} \cdot \rho.$$

10. Көтеру осінен барабандардағы үйкелу b_Y және жұмыс $b_{Ж}$ зоналарына дейінгі қашықтықтар (16) формуламен есептеледі (15-сурет)

$$b_T = \frac{b}{2} + l_B + l_{Ж} + l_3 = \frac{b}{2} + B_O - l_Y; \quad b_{Ж} = \frac{b}{2} + l_B. \quad (16)$$



15-сурет. Барабанның зоналары

11. Солтүстік барабандағы девиация бұрыштары есептеледі (11-сурет)

$$\alpha_{TC} = \frac{b_{TC} - a_C}{L_S} \cdot \rho; \quad \alpha_{ЖС} = \frac{a_C - b_{ЖС}}{L_S} \cdot \rho;$$

солтүстік шкивтегі девиация бұрыштары есептеледі

$$\beta_{TC} = \alpha_{TC} - \gamma_C \cdot \cos \varphi; \quad \beta_{ЖС} = \alpha_{ЖС} + \gamma_C \cdot \cos \varphi.$$

Оңтүстік барабандағы және оңтүстік шкивтегі девиация бұрыштары да жоғарғы формулаларға сәйкес анықталады.

12. Барабандардағы және шкивтердегі девиация бұрыштары $1^\circ 30'$ аспауы керек.


Егер шкивтегі девиация бұрыштары β_T және $\beta_{Ж}$ айырмашылықтары әжептеуір болса, онда шкивтерді үлкен бұрышқа қарай бұру керек. Әйтпесе шкивтердің, арқандардың біржақты қажалуы мүмкін.

Шкивтердің бұрылу мөлшері анықталады

$$a_2 - a_1 = \frac{b_T + b_{Ж} - 2a}{2L_S \cos \varphi} D_{Ш}. \quad (17)$$

Екінші тәсіл. Егер көтергіш машина орнатылған ғимараттың ішінде машина барабанының бас белдігінің осін жобадан жербетіндегі орынына көшіруге және бөлуге арналған остік

пункттер сақталған болса, онда теодолиттік түсірісті сол пункттерге жалғастыруға болады. Ол үшін алдын ала остік пункттердің арасына жіп немесе сым тартып, оның көтергіш машина барабанының бас белдігінің осіне параллельдігін және бір вертикаль жазықтықта жатуын тексереді. Олардың арасындағы, горизонталь жазықтықтағы бұрыштың мөлшері $2'$ аспауы керек. Остік пункттер қойылған талаптарды қанағаттандыратын болса, оларды бастапқы бағыт ретінде қабылдап, араларына тартылған жіпке немесе сымға, тіктеуіштердің көмегімен T_1 және T_2 пункттерін орнатады (16-сурет). Теодолитті T_2 пунктіне орнатып, T_1T_2C бұрышын және T_2C , B_0 , b , r , t_2 , t_1 қашықтықтарын өлшейді. С пунктінің координатасын анықтап, $T_2 - C - B - A$ теодолиттік түсірісін орындап, A пунктінен, арқан бағдарлайтын дөңгелектер орнатылған копер алаңына, көтеру осіне параллель, көмекші ось I және II орнатады. $T_2 - C - B - D - (B_1, A_0, B_2, B_3, A_C, B_4)$ теодолиттік түсірістің нәтижесінде көтеру центрінің координаталары анықталады. Қалған өлшеулері, камералдық өңдеулері бірінші тәсілге ұқсас.




16-сурет. Теодолиттік түсірістің схемасы

Үшінші тәсіл. Егер көтергіш машина орнатылған ғимаратта машина барабанының бас белдігін жобадан жербетіндегі орынына көшіруге, бөлуге арналған пункттер сақталмаған болса, көтергіш машина барабанының жақтауына

пункттер орнатуға мүмкіншілік болмаса, теодолиттік түсірісті көтергіш машина барабаны бас белдігінің осіне жалғастырады (17-сурет), яғни көтергіш машина ғимаратының ішінде, бас белдіктің екі басына жақын жерде, C және C_1 пункттері орнатылып, оларға теодолит орнатылып, T_1CC_1 , T_2C_1C бұрыштары, CT_1 , CC_1 , C_1T_2 , t_1 , r , B_0 , b , t_2 қашықтықтары өлшенеді. Өлшенген бұрыштардың және қашықтықтардың мәндерін пайдаланып, $CC_1T_2T_1$ төртбұрышындағы T_2 және T_1 нүктелеріндегі $C_1T_2T_1$ және CT_1T_2 бұрыштарының мәндерін анықтайды. Оларды келесі тәсілмен анықтауға болады:

1. $C_1 - T_2 - T_1 - C$ төртбұрышындағы C_1 нүктесін шартты координаталар жүйесінің басы деп қабылдайды, яғни $x'_{C_1}=0,000$ м, $y'_{C_1}=0,000$ м, $\alpha_{C_1-C}=00^\circ00'00''$.



17-сурет. Теодолиттік түсірістің схемасы

2. Өлшенген CC_1T_2 , C_1CT_1 бұрыштарын және CT_1 , CC_1 , C_1T_2 арақашықтықтарын пайдаланып, $C_1 - T_2 - T_1 - C$ төртбұрышын теодолиттік түсіріс ретінде камералдық өңдеп T_2 , T_1 нүктесінің x' , y' координаталарын анықтайды.

$$\alpha'_{C_1-T_2} = \alpha'_{C_1-C} - \angle T_2C_1C;$$

$$\alpha'_{C-T1} = \alpha'_{C1-C} + \angle C_1CT_1 \pm 180^\circ;$$

$$x'_{T1} = x'_{C1} + l_{C1-C} \cdot \cos \alpha'_{C1-C} + l_{C-T1} \cdot \cos \alpha'_{C-T1};$$

$$y'_{T1} = y'_{C1} + l_{C1-C} \cdot \sin \alpha'_{C1-C} + l_{C-T1} \cdot \sin \alpha'_{C-T1};$$

$$x'_{T2} = x'_{C1} + l_{C1-T2} \cdot \cos \alpha'_{C1-T2};$$

$$y'_{T2} = y'_{C1} + l_{C1-T2} \cdot \sin \alpha'_{C1-T2};$$

$$\operatorname{tg} \alpha'_{T2-T1} = \frac{y'_{T1}}{x'_{T1}}; \quad l_{T2-T1} = \frac{y'_{T1}}{\sin \alpha'_{T2-T1}} = \frac{x'_{T1}}{\cos \alpha'_{T2-T1}};$$

$$\angle T_1T_2C_1 = \alpha'_{T2-C1} - \alpha'_{T2-T1}; \quad \angle T_2T_1C = \alpha'_{T1-T2} - \alpha'_{T1-C};$$

Тексеру: $\angle T_2C_1C + \angle C_1CT_1 + \angle CT_1T_2 + \angle T_1T_2C_1 = 360^\circ 00' 00''$.

$$l_{T2-T1} = t_1 + r + B_0 + b + B_0 + t_2.$$

3. Жалғасу нүктелеріндегі бұрыштардың мәндері анықталғаннан кейін көтергіш машина барабандарының арасынан өтетін көтеру осінің барабандардың бас белдігімен қиылысатын жеріндегі M нүктесін шартты координаталар жүйесінің басы деп қабылдап, x осін көтеру осінің бағытымен бағдарлап, $T_1 - T_2 - C_1 - B - A$ теодолиттік түсірісін орындап, A пунктінен, арқан бағдарлайтын дөңгелектер орнатылған копер алаңына, көтеру осіне параллель, көмекші ось I және II орнатады. $T_1 - T_2 - C_1 - B - D - (B_1, A_0, B_2, B_3, A_C, B_4)$ теодолиттік түсірістің нәтижесінде көтеру центрінің координаталары анықталады. Қалған өлшеулері, камералдық өңдеулері бірінші тәсілге ұқсас.

Есеп. Көтергіш қондырғыны (12-сурет) маркшейдерлік бақылау өлшеулерінің нәтижесінде келесі мәліметтер дайындалған: копердің биіктігі $H_K = 26,800$ м; барабанның диаметрлері $D_B = 5,0$ м; шкивтердің диаметрлері $D_{ш} = 4,0$ м; арқандардың диаметрлері $d_A = 35$ мм; барабандардың құрылу кеңдіктері (ендері) $B_0 = 1,5$ м; солтүстік барабандағы зоналардың кеңдіктері: үйкелу зонасы $l_{yc} = 160$ мм; запас зонасы $l_{zc} = 160$ мм; жұмыс зонасы $l_{jc} = 1040$ мм; $l_{bc} = 140$ мм; оңтүстік барабандағы зоналардың кеңдіктері: үйкелу зонасы $l_{yo} = 120$ мм; запас зонасы $l_{zo} = 120$ мм; жұмыс зонасы $l_{jo} = 1040$ мм; $l_{bo} = 220$ мм; барабанға

оралған арқандардың арасындағы саңылау $\Delta=5$ мм; барабандардың арақашықтықтары $b=450$ мм; көтергіш машина бас белдігінің нөлдік алаңнан биіктігі $h_b=0,800$ м; барабандар жақтауларының қалыңдықтары $r=10$ мм; барабанның жақтауына орнатылған шегенің (кронштейн) ұзындығы $f=15$ мм; шкивтер орнатылған копердің жоғарғы алаңындағы нақтылы көтеру осіне параллель $I - II$ сызығынан шкивтердің шенберіндегі арқан жүретін науасының шетіне дейінгі өлшенген қашықтықтар: солтүстік шкив $a'_{CI}=445$ мм; $a'_{C2}=470$ мм; оңтүстік шкив $a'_{OI}=755$ мм; $a'_{O2}=770$ мм; шкивтер науалары сыртқы шеттерінің арасындағы қашықтық $d = 120$ мм.

Көтергіш қондырғы адам, материал көтеруге арналған кабинамен жабдықталған. Оқпанның тереңдігі $H_0=390$ м. Қабылдау алаңының биіктігі $h_{КА}=10$ м. Көтеру биіктігі $H=H_0+h_{КА}=400$ м. Көтергіш машинадан оқпанға дейін теодолиттік түсіріс орындалған:

Өлшенген бұрыштар:

Қабырғаларының ұзындықтары, м:

$$\begin{aligned} BCG &= 262^\circ 11' 40''; BDA_O = 217^\circ 17' 50''; CG = 3,245; DB_I = 10,780; \\ BCG_I &= 262^\circ 26' 40''; BDB_2 = 219^\circ 34' 50''; CI_I = 8,227; DA_O = 10,771; \\ CBA &= 313^\circ 36' 38''; BDB_3 = 222^\circ 03' 55''; CB = 23,265; DB_2 = 10,792; \\ CBD &= 48^\circ 09' 28''; BDA_C = 224^\circ 17' 00''; BA = 31,782; DB_3 = 10,842; \\ BDB_I &= 215^\circ 00' 30''; BDB_4 = 226^\circ 37' 50''; BD = 46,050; DA_C = 10,920; \\ DB_4 &= 11,031. \end{aligned}$$

Шкивтер мен барабандағы девиация бұрыштарын анықтау керек.

Шешуі:

1. Девиация бұрыштарын есептеу үшін шартты координаталар жүйесін пайдаланамыз, яғни $x'_M=0,000$ м; $y'_M=0,000$ м, оқпан бағытындағы нақты көтеру осі Ox' ; көтеру машинасы бас белдігі осінің бағыты Oy' (12-сурет).

2. G және G_I нүктелерінің координаталарын есептейміз

$$x'_G = -\frac{GG_1}{2} = -\frac{CG_1 - CG}{2} = -\frac{8,227 - 3,245}{2} = -2,491 \text{ м}; \quad x'_{G1} = 2,491 \text{ м};$$

$$y'_G = y'_{G1} = \frac{b}{2} + B_O + r + f = 0,225 + 1,500 + 0,010 + 0,015 = 1,750 \text{ м}.$$

3. $СГГ_1$ үшбұрышынан жүргізілген өлшеулердің нәтижелерін пайдаланып, яғни $СГ_1=a'$, $СГ=b'$ және $ГГ_1=c$, $\gamma=BCГ_1 - BCG$, синустар теоремасымен Γ және Γ_1 нүктелеріндегі $\Gamma\Gamma_1C=\beta$ және $\Gamma_1\Gamma C=\alpha$ бұрыштарының мәндерін анықтаймыз

$$\sin \alpha = \frac{a'}{c} \sin \gamma; \quad \sin \beta = \frac{b'}{c} \sin \gamma,$$

егер үшбұрыш өте созылған болса

$$\alpha'' = \frac{a'}{c} \gamma'' = \frac{8,227}{4,982} \cdot 900 = 0^\circ 24' 48''.$$

α бұрышы доғал бұрыш болғандықтан, оның мәні

$$\alpha = 180^\circ - 0^\circ 24' 48'' = 179^\circ 35' 12''$$

тең болады.

